

Қобда ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 9 қаңтардағы № 7 "2019 жылға Қобда ауданы бойынша пробація қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Қобда ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 2 тамыздағы № 218 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 5 тамызда № 6327 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 26 бабына сәйкес, Қобда ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қобда ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 9 қаңтардағы № 7 "2019 жылға Қобда ауданы бойынша пробація қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3-7-192 болып тіркелген, 2019 жылдың 28 қаңтарында Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электронды түрде жарияланған) қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

мемлекеттік және орыс тілдеріндегі жоғарыда көрсетілген қаулының преамбуласында:

кодекстің "қылмыстық – атқару кодексі" және "уголовно – исполнительного кодекса" тақырыптары бас әріптермен жазылсын;

орыс тіліндегі жоғарыда көрсетілген қаулының 2 тармағында:

"Отдел занятости и социальных программ Кобдинского района" сөздері "Кобдинский районный отдел занятости и социальных программ" сөздерімен ауыстырылсын, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді.

2. "Қобда аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада көрсетілген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде және мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберуді;

3) осы қаулыны Қобда ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Қырықбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М. Шермағанбет

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК